

gorenje


IMC 1200B

Мұз генераторы



Пайдалану жөніндегі басшылық KZ

Аспап сипаттамасы



1. Артқы қабырғасы
2. Басқару панелі
3. Суы бар тартпа
4. Буландырғыш
5. Қалақша
6. Мұз мөлшерінің сенсоры
7. Түссіз қақпақ
8. Мұзға арналған себет
9. Суға арналған резервуар
10. Сүзгі
11. Су ағызу бітемесі
12. Компрессор
13. Кабель
14. Басқару панелі

Назар аударыңыз!

Қауіпсіздік мақсатында аспапты қолданар алдында осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз және оны алдағы уақытта анықтамалық материал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

Назар аударыңыз! Алғаш қолданар алдында хладагенттің нормаға келуі үшін екі сағат ішінде мұз генераторын қоспаңыз. Бұл компрессордың сынуының алдын алуға көмектеседі.

Аспапты тек тік күйінде тасымалдауға рұқсат етіледі.

Қауіптілік

Жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету үшін аспапты қабырғадан және басқа да заттардан 15 сантиметр қашықтықта тік, тұрақты бетке орнатыңыз. Аспаптың желдету саңылауларын бітемеңіз. Жұмыс

кезінде аспапты жылжытпаңыз және бетін жаппаңыз. Аспапты дымқыл қолыңызбен ұстамаңыз. Аспапты суға немесе басқа да сұйықтыққа батырмаңыз.

Қолданып болған соң және тазалау алдында аспапты электр желісінен ажыратыңыз (ашаны розеткадан ажыратыңыз).

Аспапты температурасы 80°C-ден асатын сумен тазаламаңыз.

Ескерту

Аспапты жалғау алдында аспапта көрсетілген кернеудің жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Егер аша, кабель және аспаптың басқа да бөлшектері бүлінген болса, аспапты қолданбаңыз.

Бүлінген байланыстыру кабелін ауыстыруды авторлық құқығы бар сервис орталығы немесе білікті маман ғана орындай алады!

Аспапты сегіз жастан асқан балаларға және физикалық, қозғалу және психикалық қабілеттері шектелген адамдарға, сонымен қатар оны қолдану үшін жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға тек тәжірибесі бар адамның қадағалауымен немесе егер олар аспапты қолдануға үйретілген болса және аспапты дұрыс пайдаланбауға байланысты туындауы ықтимал қауіпті түсінген жағдайда ғана осы аспапты қолдануға рұқсат етіледі.

Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз!

Қосылған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.

Бөлмеден шыққан кезде аспапты

электр желісінен ажыратыңыз.

Назар аударыңыз! Аспап тұрмыста қолдануға ғана арналған.

Аспап жабық бөлмелерде қолдануға арналған.

Аспапты жылу көздерінен алысқа орнатыңыз, мысалы, пісіру панельдері, духовкалар, шөйнектер. Аспапты күн сәулесі тікелей түсетін көздерден алысқа орнатыңыз.

Аспапты дымқылдық деңгейі жоғары бөлмелерде қолданбаңыз. Егер өндіруші басқасын көрсетпеген болса, тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді қолданған жағдайда кепілдіктің күші жойылады.

Аспапты қосу алдында бөлшектердің барлығының дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Қолданып болған соң аспапты электр желісінен ажыратыңыз (ашаны розеткадан ажыратыңыз).

Назар аударыңыз! Мұз дайындау үшін қоспалары жоқ таза суды ғана қолданыңыз.

Бұл жабдықтың Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтары туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (Waste Electrical and Electronic Equipment – WEEE).

Осы директива барлық ЕО елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.


Қолдануға дайындау

1. Сыртқы және ішкі қаптамасын шешіп алыңыз.
2. «Тазалау» бөлімінде сипатталғандай аспапты тазалаңыз.
3. Суға арналған резервуарға қоспалары жоқ таза суды MAX белгісіне дейін құйыңыз. Су мұзға арналған себетке дейін жетпей тұруы тиіс.


Бөлме температурасындағы суды қолданыңыз.


Қолдану


Гигиена тұрғысынан алғашқы екі циклде алынған мұзды лақтырып тастау ұсынылады.




 = POWER

 = SELECT

 = L (үлкен)

 = S (кішкене)

 = ICE FULL

 = ADD WATER



Аспапты электр желісіне жалғағаннан кейін POWER батырмасындағы индикатор қызыл түспен жыпылықтай бастайды. Бұл аспаптың жұмысқа дайын екенін білдіреді. Батырманы басыңыз, аспап жұмысын бастайды, индикатор тұрақты жанып тұрады. Егер жұмыс кезінде батырма басылса, аспап күту режиміне ауысады және индикатор қайта жыпылықтай бастайды.



Мұз текшелерінің өлшемін таңдау үшін SELECT батырмасын басыңыз. S (кішкентай) немесе L (үлкен) әріптерінің астындағы индикатор текшелердің қандай өлшемінің тандалғанын көрсетеді.



Жанып тұрған ICE FULL индикаторы мұзға арналған себеттің толып тұрғанын білдіреді. Себет толып кеткен кезде аспап автоматты түрде сөнеді. Мұз генераторын қайта қосу үшін мұзға арналған себетті босатыңыз.



Егер мұз генераторында су таусылып қалса, ADD WATER индикаторы жанады. Егер су жеткіліксіз болса, аспап жұмысты автоматты түрде тоқтатады. Жұмысты жалғастыру үшін мұзға арналған себетті алыңыз, MAX белгісіне дейін су құйыңыз және POWER батырмасын басыңыз.

Судың және қоршаған ортаның температурасына байланысты мұздың алғашқы текшелері кішкене болуы мүмкін.

Жылдам дайындау салдарынан мұз текшелері мөлдір болмауы мүмкін. Бұл қатырылатын суда ауа көпіршіктерінің болуы салдарынан орын алады және мұз сапасына әсер етпейді.

Аспап жұмысын қоспас бұрын хладагенттің нормаға келуі үшін 3 минут күтіңіз. Бұл компрессордың сынуының алдын алуға көмектеседі.

резервуардағы суды әр 24 сағат сайын ауыстырыңыз. Зең мен бактериялардың көбеюінің алдын алу үшін қолданып болғаннан кейін қақпақты (7) ашық күйде қалдыру ұсынылады.

Тазалау

Тазалауды бастамас бұрын аспапты өшіріңіз және электр желісінен ажыратыңыз (ашаны розеткадан ажыратыңыз).

Аспапты тазалау үшін қатты губкаларды, спирт, бензин, ацетон сияқты агрессивті тазалау құралдарын қолдануға тыйым салынады.

Аспапты жұмсақ дымқыл матамен сүртіңіз. Аспапты суға батырмаңыз, ағын су астында және ыдыс жуу машинасында жумаңыз.

Мұзға арналған себет Себетті сұйық тазалау құралының аз ғана мөлшері қосылған жылы сумен жуыңыз және себетті кептіріп қойыңыз.

Суға арналған резервуар Суды ағызатын құрал (11) арқылы ағызып жіберіңіз.

Ішкі және сыртқы беттері

Ішкі және сыртқы беттерді жұмсақ дымқыл шүберекпен және аз ғана сірке су қосылған сумен тазалаңыз.

Ақаулықтарды жою

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою
POWER батырмасының астындағы индикатор жанбайды..	Электр желісінде кернеу жоқ. Аспап электр қорек көзіне қосылмаған	1. Желіде кернеудің бар-жоғын тексеріңіз. 2. Мұз генераторын электр қорекке жалғаңыз. 3. Аспаптың бөлшектерінің бірі істен шыққан. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
ICE FULL индикаторы жанады.	Мұзға арналған себет толып қалған.	1. Мұзға арналған себетті босатыңыз. 2. Аспаптың бөлшектерінің бірі істен шыққан. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
ADD WATER индикаторы жанады.	Суға арналған резервуарда су деңгейі жеткіліксіз.	1. MAX белгісіне дейін су құйыңыз және POWER батырмасын басыңыз. 2. Аспаптың бөлшектерінің бірі істен шыққан. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
Индикаторлардың барлығы жыпылықтайды.	Мұз төңкеруге кедергі келтіреді. Суы бар тартпа.	1. Аспапты өшіріңіз және тартпаны блоктап тұрған мұз текшелерін алып тастаңыз. 2. Аспаптың бөлшектерінің бірі істен шыққан. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.
Мұз себетінің толып тұрғанына қарамастан, ICE FULL жанбайды және аспап өшпейді.	Сенсор тек үш циклден кейін ғана жұмысын бастайды. Сенсор сигналды анықтамайды.	1. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз (ашаны розеткадан ажыратыңыз). Мұзға арналған себетті босатыңыз және үш минут өткен соң аспапты қайта қосыңыз. 2. Ашық жарық сигналды қабылдауға кедергі келтіреді. Аспапты жарық көзінен алысқа орналастырыңыз. 3. Аспаптың бөлшектерінің бірі істен шыққан. Авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Бұйым тұрмыстық қалдық ретінде жойылмауы тиіс. Оны одан ары кәдеге жарату үшін оны электронды және электрлік жабдықтардың тиісті орындарына тапсырған жөн.

Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтау арқылы қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын ала аласыз.

КЕПІЛДІК ЖӘНЕ СЕРВИС

Ақаулар туындаған кезде авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз. Авторлық сервис орталықтарының тізімін «Кепілді міндеттемелер» кітапшасынан және www.gorenje.com сайтынан таба аласыз.

Тек жеке қолдануға арналған!

**GORENJE
АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН
ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ!**

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!



Импорттаушы: «Горень БТ» ЖШҚ, 119180,
Мәскеу, Якиманская жағ., 4, 1-құр. 1